

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері негізінде табиғи тасты өндіру және өңдеу жөніндегі өндірісті ұйымдастыру" жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 маусымдағы N 832

Республиканың экспорттық әлеуетін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы құрамын еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, еңбекпен түзеу мекемелерінің өнеркәсіптік өндірісін дамыту мақсатында және "Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік капиталды тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасы мен германдық "Кляйм ГмбХ" фирмасы арасында жасалып, қол қойылған, жалпы сомасы 25 (жиырма бес) миллион АҚШ доллары болатын табиғи тасты өндіру мен өңдеу жөніндегі құрал-жабдықтар берілуі контракты мақұлданын.

2. "Кляйм ГмбХ" фирмасының контракты бойынша берілген құрал-жабдықтармен өндірілген өнімнің 50 процентін үш жыл бойы сатып алуға міндеттеме алғаны назарға алынсын.

3. Осы контрактыны қаржыландыру Қазақстан Республикасына берілген германдық кредит жүйесі шеңберінде жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне барлық қажетті кепілдіктерді табыс етсін;

авансты, кредиттің негізгі сомасын, сақтандыру жарнасын, қызмет көрсететін банктерге комиссиялық төлемді, сондай-ақ өсімдерді өз қаржысы есебінен төлеуді қамтамасыз етсін;

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі бас басқармасы үшін құрал-жабдықтар берілуіне жасалған контрактыға сәйкес Германияның кредит беруші банкімен жеке кредит келісімін жасасын;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару бас басқармасымен ішкі кредит келісімін жасасын;

"Қазақстан Республикасына шетелдік кредиттерді тарту жөніндегі жұмыстарды

реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін шетелдік инвестицияларды және тауар кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының кепілдіктерін беру туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім жасасын;

берешектерді уақтылы төлеуді қамтамасыз ету үшін кредит келісімінің күшін тоқтатуға дейін барлық қажетті шараларды қолдансын;

төлемдерді төлеу мерзімі өткен жағдайда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасының банктік есепшоттарындағы теңгелік және валюталық қаржысын берешектерді өтеу есебіне жіберуге рұқсат етсін.

6. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің міндеттемелері негізінде кредит беруші банкіге осы жоба бойынша Үкімет кепілдігін берсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет, Ішкі істер министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкі шешімі жобаны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәселелер бойынша өз ұсыныстарын

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына уақтылы енгізетін болсын.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке жобаны жүзеге асыруға бақылау жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары